

Астықтың санды-сапалы есебін жүргізу Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2002 жылғы 3 сәуірдегі N 104 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 19 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1827. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 195 (V053545) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 7 маусымдағы "Астық туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" N 773 P010773_ қаулысының 9-тармағын орындау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН

1. Қоса берілген астықтың санды-сапалы есебін жүргізу Ережесі бекітілсін.
2. Астық департаменті белгіленген заңнама тәртібінде осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуін қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Вице-Министр А.К. Күрішбаевке жүктелсін.
4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің стандартизация, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет төрағасы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2002 жылғы 3 сәуірдегі N 104 бұйрығымен бекітілген міндетін атқарушы келісілген
---	--

2002 жылы 2 сәуірдегі N 11-1-2/694

Астықтың санды-сапалы есебін жүргізу Ережесі

Астықтың санды-сапалы есебін жүргізу осы Ережесі (бұдан әрі - Ережесі) астықты қабылдау және бірінші есепке алу, өңдеу, сақтау, астықты жіберу, астықты біліктілік операцияларын ресімдеу тәртібін Қазақстан Республикасында реттейді және Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 19 қаңтардағы "Астық туралы" Z010143_ Заңының 6 бап 1-тармақ, 11-тармақшасына сәйкес әзірленген.

1. Жалпы ереже

1. Осы Ережеде пайдаланатын келесі негізгі ұғымдар:

1) агент - жүз пайызды мемлекеттің қатысуы бар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құралатын ұйым және өзінің компетенция шегінде астықтың мемлекеттік ресурстарын басқаруын жүзеге асырады;

2) тазарту актісі - белгіленген тәртіпте астық қоймасын және басқа сақтау орындарын тазалау кезінде құрылатын құжат;

астықтың базистік нормасы - қолданылатын мемлекеттік стандартқа сәйкес қабылдау кезінде есеп жүргізетін астық сапасының көрсеткіш нормасы;

3) астықтың мемлекеттік ресурс түрлері: азық-түлік астығының мемлекеттік резерві, жем-шөп астығының мемлекеттік ресурсы, тұқым астығының мемлекеттік ресурсы, астықтың мемлекеттік сату ресурсы;

4) астық иесі - астық қабылдау кәсіпорнына астығын сақтауға берген заңды немесе жеке тұлға;

5) тереңдік астық қабылдау кәсіпорны - темір жол немесе кеме жәй су (теңіз) бухгалтерлі дербес есеп беру қатынасы жоқ астық қабылдау кәсіпорны;

6) астықтың мемлекеттік ресурсы - азық-түлік қауіпсіздігін және мемлекеттік міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету мақсатында, және де астық нарығын қорғау және реттеу үшін құрылған мемлекеттік астық қоры;

7) астық қолхатының иесі - меншіктенуші және (немесе) астық қолхатының атаулы иесі;

8) астықтың шығындалған партиясын тазалау - сақтаушымен немесе басқа уәкілетті органмен жүзеге асырылатын сақтауға қабылданған ақталған немесе ақталмаған жетіспеушілік немесе артықшылық астық санының анықтау мақсатында, астықтың санды-сапалы есебін жүргізуін дұрыстығын тексеру;

9) нақтылы есепке алынған салмақ - астық иесі мен астық қабылдау кәсіпорны арасында шартпен анықталған ылғалдығы мен залалды қоспасы бойынша нормаға келтірілген және астықтың сақталуын қамтамасыз ететін астықтың нақтылы салмағы;

10) астық - тамақ, тұқым, жемдік және техникалық мақсатта қолданылатын астық тұқымдастар, астық бұршақтық және майлы дақылдардың жемісі;

11) астық қолхаты - астық қабылдау орнының беретін астық иесінен астықты сақтауға қабылдағаны туралы растайтын екілі қойма куәлігі;

12) астық қоймасы (элеватор, астық қабылдау орны) - астықты сақтау үшін арнайы техникалық құрылыс;

13) астық инспекторы - өзінің өкілеттігін белгіленген заңнама тәртібінде жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің аумақтық басқармасының инспекторы;

14) шығындалған астық партиясы - сәйкес құжаттармен расталған және осы партияның нақтылы шығындалуы туралы куәландыратын сақталу үдерісінде

өндіру, орналастыру және жөнелту технологиялық операцияларының жүргізілген , астықтың сапасы бойынша бір түрдегі ерекше партиясы;

15) түгендеу - нақты астықтың барлығын және оның сапасын есеп мәліметіне сәйкестігін тексеруге бағытталған жалпы шаралар;

16) астық сапасы - мемлекеттік стандарт талабына, техникалық шараларына, санитарлық және ветеринар-санитарлық ережелері мен нормаларына, тазалық нормативтері мен басқа нормативті құжаттарға сәйкес астықтың тұтынушы қ а с и е т і н і ң ж и ы н т ы ғ ы ;

17) астықтың санды-сапалы есебі - астықтың нақтылы есепке алынған салмағын есепке алу, және де астық қоймаларында оның саны мен сапасының сақталуын бақылау іс-шаралар жиынтығы;

18) желілік астық қабылдау кәсіпорны - темір жол немесе кеме жәй су (теңіз) қатынасы бар, дербес бухгалтер есептемесі бар астық қабылдау кәсіпорны;

19) материалды жауапты тұлға - сақтауға қабылданған астықтың санды сапалы сақталуына жауапты және өзінің міндеттерін қолданатын заңнамаға сәйкес жүзеге асыратын астық қабылдау кәсіпорнының лауазымды тұлғасы;

20) ақталған жетіспеушілік - астықтың сапасының жақсаруы кезінде пайда болатын, астықты сақтау үдерісінде пайда болған және лауазымды тұлғаның жауапкершілігі шығарып тасталынған жетіспеушілігі;

21) оперативтік есеп - астықтың нақтылы салмақтағы есебі;

22) астықты тазалау - астықтағы қоспаларды бөлу үшін технологиялық операциялардың ж и ы н т ы ғ ы ;

23) астық партиясы - сапасы туралы құжаттармен ресімделінген, бір уақыттағы қабылдауға, жөнелту және сақтауға тағайындалған сапасы бойынша бір түрдегі астық с а н ы ;

24) астықты өңдеу - сақтауға қабылданған астықтың сапалық көрсеткіштерін жақсартуға және сақтау шартының жүргізу бойы оның сақталуын қамтамасыз ету бағытталған астықты кептіру технологиялық операцияларының жиынтығы;

25) астық қабылдау - қабылдаған кезде астықтың саны мен сапасын анықтау, оның тиімді орналасуы және сақталуын қамтамасыз ету, және де астық иелерінің е с е б і н жү р г і з у ш а р а л а р ы ;

26) астықты кептіру - астық ылғалдығын төмендетуге бағытталған технологиялық операциялар жиынтығы;

27) астық қабылдау кәсіпорыны - астық сақтаудың айрықша түрдегі қызмет құқығын жүзеге асыратын меншікті құқығында астық қоймалары (элеватор, астық қабылдау пункті) бар заңды тұлға;

28) астықты сақтау - қабылдау, өңдеу, сақтау және астықты жөнелтуімен қоса астық қоймаларымен жүзеге асырылатын технологиялық жалпы шаралар;

29) астықтың нақтылы салмағы - таразыда өлшену жолымен анықталған келіп

түсетін, сақталатын және жөнелтілетін астық нақты көлемі;

30) табиғи үстемақы - ылғалдығы және арам шөп қоспасы бойынша ылғалдығы және арам шөп қоспаның әрбір пайызына 1 пайыз мөлшерінде астықтың нақтылы салмағының ауытқу мөлшері астықты сақтауға типті көпшілік шарт қарастырғаннан бөлек жоғары;

31) табиғи бағасын кеміту - ылғалдығы және арам шөп қоспасы бойынша ылғалдығы және арам шөп қоспаның әрбір пайызына 1 пайыз мөлшерінде астықтың нақтылы салмағының ауытқу мөлшері астықты сақтауға типті көпшілік шарт қарастырғаннан бөлек төмен;

32) ақталған жетіспеушілік - тазалау актісімен расталған астық жетіспеушілігі ;

33) ақталмаған жетіспеушілік - тазалау акті материалдарымен расталмаған астық жетіспеушілігі .

2. Астық қабылдау кәсіпорындарында астықпен операцияларды ресімдеу және оның есебі осы Ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

3. Астықпен санды есеп және ресімдеу барлық операциялары бір килограмға дейін туралықта нақтылы салмақта жүргізіледі.

4. Астық қабылдау кәсіпорнының басшысы қабылданған астықтың санды және сапалы сақталуын материалды жауапкершілігін жүргізетін астық қабылдау кәсіпорнының қызмет тұлғаларының қызмет міндеттемелерін ішкі бекітілген нұсқаулар мен ережелермен қарастырылған бөлу жолымен дербес анықтайды.

2. Астықтың түсімін ресімдеу

5. Астық қабылдау кәсіпорнына иелерінен келіп түсетін астық астық қабылдау кәсіпорындарымен жөнделген, белгіленген тәртіпте тексерілген автокөлікті немесе темір жол таразыларында өлшенгеннен кейін қабылданады. Өлшену астық иесінің немесе астық иесінің сенімімен астықты алып келген тұлғаның қатысуымен жүргізіледі. Қабылданған астық саны туралы мәлімет таразы журналына (1, 2 қосымша) жазылады.

Сонымен қатар, әрбір келіп түскен астық партияларынан астық қабылдау кәсіпорнының лаборатория жұмысшысымен қолданылатын стандарттарға сәйкес астықтың сапасын анықтау үшін нұсқа алынады.

6. Астықтың автокөлік транспортымен түскен кезде тауар көлік жүкқұжатында көліктің келуі мен кету уақыты белгіленуі астық қабылдау кәсіпорнының жұмысшысымен жүргізіледі.

Астықтың темір жол, өзен, ішкі су көліктерімен түскен кезде түсіру құралдарының берілу және оның аяқталуы құжаттары белгіленген заңнама тәртібінде бекітілген сәйкес түрдегі көліктердің жүкті тасу ережелеріне сәйкес ресімделінеді .

7. Астықтың сапасын анықтау белгіленген тәртіпте біліктілігі тексерілген

астық қабылдау кәсіпорын лаборатория мамандарымен мемлекеттік стандарттар және күші бар заңнама белгілегендей әдістер мен көрсеткіштерге сәйкес жүргізіледі.

Сынама талдау нәтижелері:

1) астықпен барлық операциялары толтырылатын, талдау карточкасында залалды және астық қоспалары фракциялар бойынша ажыратылады, үлгінің талдау нәтижесі талдау карточкасында (3 қосымша) жазылады;

2) зертхана талдауларының нәтижесін тіркеу журналында (4 қосымша) тіркелінеді;

3) қабылданған астық жүк құжаттарына (5 қосымша) жазылады.

Астық қабылдау кәсіпорнында астықтың сапасының талдау барлық көрсеткіштері зертхана талдауларының нәтижесін тіркеу журналында (4 қосымша) жазылады. Көрсетілген журналдар нөмірленген, бауланған және басшы қолымен және астық қабылдау кәсіпорны мөрімен толықтырылуы қажет.

Лаборатория жүргізілген талдау көрсеткіштерімен астық иесі (оның өкілі) немесе заттай жауапты тұлға келіспеген жағдайда, олардың қатысуымен қайта талдау жүргізілуі қажет, егер де қайта талдаумен келіспеген жағдайда үлгі белгіленген тәртіпте мөрленеді және астық қабылдау кәсіпорын лабораториясының талдау карточкасымен және өтініммен үш тәулік мерзімінде белгіленген тәртіпте тәуелсіз аккредиттелген, сынау лабораториясына жіберіледі.

8. Астық қабылдау кәсіпорны басшысы және заттай жауапты тұлға мерзімде таразының дұрыстығын және таразышылардың астықтың өлшеу дұрыстығын тексереді, таразы журналында белгілеумен сәйкес бақылау қайта өлшеуі жүргізіледі.

Астық қабылдау кәсіпорны таразы шаруашылығының техникалық жағдайы белгіленген тәртіпте метрологиялық қызметпен бақыланады.

9. Астық партиялары кез-келген түрдегі көлікпен тасымалдауға арналған жүктерді тасымалдау ережесіне сәйкес көрсетілген көлік түрінде төмендегі құжаттармен жөнелтіледі:

1) азық-түліктік және жем-шөп астығы - сапа сертификатымен;

2) бірінші және келесі репродукция тұқымы - тұқым куәлігімен;

3) элитті тұқымдар - тұқымға аттестатпен.

Астықты астық қабылдау кәсіпорнына автокөлікпен тасыған кезде тауар көлік жүкқұжаты үлгілі нысанымен жөнелтіледі.

Тауар көлік жүкқұжаттары әрбір автокөлік партиясына (бөлек автокөлік немесе тіркеме автокөлік (трактор), автопоезға) жазылады.

Астықты астық иесінің көлігімен тасығанда тауар көлік жүкқұжаты 3 данада жазылады. Бірінші дана астық қабылдау кәсіпорнында қалады, ал екінші және

үшінші даналар астық қабылдау кәсіпорнының астықтың салмағының нақты санының қабылдауы белгісімен астық иесіне қайтарылады.

Астықты басқа көлікпен тасыған кезде, астық иесі тасушыға тауар көлік жүкқұжатын 4 данада жазып береді. Бірінші дана астық қабылдау кәсіпорнында қалады, басқа даналар астық иесіне қайтарылады. Сонымен қатар екінші және сонан кейінгі даналарда астық қабылдау кәсіпорны астық иесінен қабылданған нақты салмағы туралы сәйкес белгі жасайды.

Астық қабылдау кәсіпорнына астықтың әкелінген кезде тауар көлік жүкқұжаттарынсыз немесе басқа үлгідегі тауар көлік жүкқұжаттарымен, ал тұқымды астықты жөнелту жүкқұжаттарынсыз кезінде астық қабылдау кәсіпорны иесінің (оның өкілі) қатысуымен акт жасалынады. Актіде келесі көрсеткіштер көрсетіледі: астық иесінің аты жөні; автокөліктің нөмірі және оның иесінің аты жөні; астықтың дақылы; жеткізудің ара қашықтығы; жол қағазшасы бойынша жүктің салмағы және өткізу түрі. Акт 3 немесе 4 данаға сәйкес ж а с а л ы н а д ы .

10. Тәулік бойы бір өткізушіден келіп түсетін, сапасы бойынша біртекті астық партиясын қабылдау, қабылданған астық орта тәулікті үлгінің талдау мәліметтері көрсетілетін жүкқұжатын (5 қосымша) құрап ресімделінеді. Жүкқұжат негізінде астық иесінің дербес шотында астықтың санды-сапалы есебі кітапшасында (6 және 7 қосымша) келесі астық қолхатының жаздыруымен жазу ж а с а л ы н а д ы .

11. Келіп түскен астық партиясының ылғалдығы және залалдануының бар болуы анықтағаннан кейін қызметті тұлға астық тауар көлік жүкқұжатының келесі бетінде ылғалдық және залалдану көрсеткіштерін және астықтың орналасуы тиіс қойма нөмірі көрсетіледі және бұл көрсеткіштерді өзінің қолымен растайды және көлікті көлік таразысына жібереді.

12. Егер де астық астық қабылдау кәсіпорнына талапты көрсеткіштерді қажет етпейтін басқа үлгідегі тауар көлік жүкқұжаттарымен әкелінген жағдайда өндірістік-технологиялық лаборатория қызметкері жүкқұжаттарының бірінші дананың келесі бетіне ылғалдық көрсеткіші, залалдануы, осы астық партиясы орналасқан қойма нөмірі толтырылады.

13. Астықты сәйкес қоймаға жіберу үшін экспресс әдісімен анықталған ылғалдық көрсеткіші астық қабылдау кәсіпорнында қалатын жүкқұжаттарының тек бірінші данасында көрсетіледі.

14. Астық қабылдау кәсіпорнының лауазымды тұлғасы автокөлік таразысына келіп түскен астықты өлшеуін жүзеге асыратын, ал оның болмаған жағдайда, материалды жауапты тұлға астық иесінен немесе оның өкілінен (жүргізушіден) жүкқұжаттардың барлық 3 немесе 4 данасын алады және астықты автокөлікпен өлшегеннен кейін жүктерді қайта өлшеу журналына (1 қосымша) автокөлік

таразысында келесі көрсеткіштер жазылады: жүкқұжат нөмірі, астық иесінің аты жөні, автокөлік және тіркеме нөмірі, дақылдың аты және брутто салмағы. Осымен қатар бір уақытта ол жүкқұжаттың бірінші данасында таразы журналдағы (1 қосымша) жазба нөмірін және брутто салмағын, осы көрсеткіштерді өз қолымен белгілеп көрсетеді.

15. Астықпен тиелген автокөлікті өлшеу, және де оларды түсіру, жүргізушісіз жүргізіледі.

Астық қабылдау кәсіпорнында 3 және одан да көп автокөлік таразысы болған кезде таразышы жүкқұжаттың бірінші данасында журналда (1 қосымша) жазбасының нөмірі бөлшекте көрсетіледі: алымында - автотаразының нөмірі, бөлімінде - журналдағы жазбаның тәртіпті нөмірі.

Егер де астық иесінің жүкқұжатында автокөлік нөмірі және астықты алып келген автокөлік иесінің аты көрсетілмеген жағдайда, таразышы міндетті түрде бұл көрсеткіштерді жүкқұжатта басылған штамптің текстінде жол қағазша негізінде көрсетеді.

16. Брутто салмағын анықтағаннан және жүкқұжаттың бірінші данасын ресімдегеннен кейін автокөлік түсірілуі үшін сәйкес астық қоймаларына жіберіледі, жүргізушіге немесе астық иесіне жүкқұжаттың бірінші данасы беріледі, ал қалған даналар автокөлік таразысының таразышында көлікті түсіргенге дейін қалады. Кәсіпорында екі автокөлік таразысы (кіретін және шығатын) болған жағдайда астық иесіне немесе астықты алып келген жүргізушіге жүкқұжаттың барлық даналары тапсырылады және ол автокөлікті түсіріп болғаннан кейін шығатын таразының таразышына оларды тапсырады.

Астық қабылдау кәсіпорнында бір автокөлік таразысы болған жағдайда (1 қосымша) журналда брутто салмағы және тара салмағы жазылады. Жүкқұжаттың бірінші данасының артқы бетінде таразышы барлық үш таразы көрсеткіштерін (брутто, тара, нетто) көрсетеді.

Кәсіпорындарда екі (қосылған) автокөлік таразысы бар бір таразышы қызмет көрсететін бір журналы (1 қосымша) тақты және тақсыз күндерде бөлек жүргізіледі.

Бөлек кіретін және шығатын автокөлік таразысы бар, бөлек таразышылармен қызмет көрсететін астық қабылдау кәсіпорындарында, кіретін таразыда брутто салмағын, ал шығатын таразыда тара салмағын анықтайды. Бұл жағдайда әрбір автокөлік таразысына бөлек (1 қосымша) журнал жүргізіледі. Шығатын таразының журналында жазбаның ретті нөмірі алдын ала төгілген автокөлік тара салмағын анықтаған кезде, журналда жазба сол ретті нөмірде жүргізіліп көрсетіледі, осы автокөліктің барлық көрсеткіштері кіретін автокөлік таразысының (1 қосымша) журналында жазылып көрсетілгендей.

17. Затты жауапты тұлға немесе автокөтергіш операторы көлікті түсіріп

болғаннан кейін жүкқұжаттың бірінші данасының артында астықты қабылдаған қойманың нөмірі көрсетіледі, астықтың қабылдауына қол қояды және көлікті таразыға таразын өлшеу үшін жіберіледі.

18. Шығарылатын автокөлік таразысының лауазымды тұлғасы бос автокөлікті өлшегеннен кейін өзінің (1 қосымша) журналында, ретті нөмірімен жүкқұжаттың бірінші данасының артқы жағында белгіленген келесі жазбалар: жүкқұжат N, өткізушінің аты және тараның салмағы жазылынады.

Үш және одан да көп автокөлік таразысы бар астық қабылдау кәсіпорындары шығатын таразысының журналында жазбаның ретті нөмірі көрсетілмейді, таразышының жүкқұжаттың бірінші данасында көрсетілген шығарылатын таразының жазбасының нөмірі көрсетіледі. Журналға жазылу құжаттардың түсу б а р ы с ы н д а ж а с а л ы н а д ы .

19. Бір уақытта келіп түсетін астықтың өлшеуін жүзеге асыратын астық қабылдау кәсіпорны лауазымды адамы жүкқұжаттың бірінші данасының келесі бетінде тара салмағы мен нетто салмағын көрсетеді, осы көрсеткіштерді өзінің қ о л ы м е н к у э л а н д ы р а д ы .

Бұдан кейін онымен тауар көлікті жүкқұжаттың қалған 3 данасында астық қабылданған қойма нөмірі, нетто салмағы толтырады және осы көрсеткіштерді өз қ о л ы м е н б е к і т е д і .

Тауар көлік жүкқұжаттың бірінші данасын таразышы астық қабылдау кәсіпорнының қабылданған астықтың орташа тәулікті үлгісімен (5 қосымша) жүкқұжат құрайтын есепті жұмысшысына береді.

20. Астықты қабылдау және жіберу, сонымен қоса III категориялы қалдықтарын (жемдік емес) жоюға тасып шығару, сол (1 қосымша) автокөлік таразысында астықты өлшеу журналында тізбекті тәртіпте тіркеледі.

21. Операциялық күннің соңында есепші жұмысшы 1 бөлімде барлық жүкқұжаттарды нақтылы салмақ қорытындысын есептейді. Автокөлік таразысында астық қабылдау кәсіпорны лауазымды адамы сол мерзімде таразы журналында (1 қосымша) өткен операциялық тәулікте әрбір дақылдардың астық қабылдау қорытындысын брутто және тара графасы бойынша есептеуге және астық қабылдау кәсіпорны есепші жұмысшысына журналды тапсыруға міндетті. Бұдан кейін есепші жұмысшы таразы көрсеткіштерін (1 қосымша) журналында брутто салмағы мен тара салмағы арасындағы айырмашылығы қабылданған астық барлық жүкқұжаттарда (5 қосымша) қорытындыларының көрсетілген нетто салмағының тең болуын тексеру жүргізеді.

22. Әрбір дақылдың нақтылы салмағын тексергеннен кейін қабылданған астық жүкқұжаттары (5 қосымша) лаборатория меңгерушісі немесе басқа лаборатория қызметкерімен орташа тәулікті лаборатория талдау көрсеткішін толтырып, оларды өз қолымен куәландырып, лабораториялық талдау тіркеу

журналында (4 қосымша) тіркелінеді. Қабылданған астық жүкқұжаттары (5 қосымша) астық қабылдау кәсіпорнына келіп түскен астықтың жалпы есебін жүзеге асыратын лауазымды адамға қайтарылады.

23. Астық қабылдау кәсіпорнына келіп түскен қабылданған астық жүкқұжатына лаборатория талдау нәтижелерін толтырып және салмағын тексергеннен кейін астықтың жалпы есебін жүзеге асыратын лауазымды адам қабылданған астық барлық жүкқұжаттарын орта тәулікті сынама (4 қосымша) бойынша сапасын анықтап, оған қосымша тауар көлік құжаттарымен бірге астық қабылдау кәсіпорны материалды жауапты тұлғаға сәйкес қабылданған астық жүкқұжатына (5 қосымша) тауар көлік құжатының қосылуының дұрыстығын және қабылданған астық нетто салмағын дәлдігін анықтап тексеру үшін береді.

24. Тексеріс біткеннен кейін затты жауапты тұлға қабылданған астық жүкқұжаттарына (5 қосымша) қол қояды және бір уақытта астық иесінің тауар көлікті жүкқұжаттар (8 қосымша) тізбесіне нетто салмағын жазады, ал қабылданған астықтың жүкқұжаттары (5 қосымша) астық қабылдау кәсіпорнына астықтың жалпы есебін жүзеге асыратын лауазымды адамға қайтарады.

Затты жауапты тұлға тауаркөлік жүкқұжаттар (8 қосымша) тізбелерін астық қоймаларында астық пен тараның қозғалысы туралы (9 қосымша) есеп беруіне қ о с а т і р к е й д і .

25. Астық қабылдау кәсіпорны бухгалтерия жұмысшысы тексерілген лаборатория талдауының нақтылы салмақ және басқа мәліметтердің көрсеткіш негізінде есепке алынған салмаққа (нақтылы есепке алынған) есеп жүргізеді және қабылданған астық жүкқұжаттарын (5 қосымша) тексеру және астық қабылдау кәсіпорны бас бухгалтерінің немесе бұл мақсатта арнайы қарастырылған тұлға қ о л қ о ю ү ш і н б е р е д і .

26. Астықтың нақтылы есепке алынған салмағы үш кезеңде анықталынады:

1) нақтылы шегерім немесе үстеме пайызы сапалы көрсеткіштердің ауытқушылығы жиынтығының ылғалдығы мен залалды қоспалары бойынша е с е п т е л і н е д і ;

2) сонан кейін, ылғалдығы және залалды қоспа бойынша заттай шегерім немесе үстеме салмағы формуласымен есептелінеді:

$$\frac{\text{нақтылы салмақ} \times \text{шегерім немесе үстеме пайызы}}{100\%}$$

3) сонан кейін нақтылы салмақтан ылғалдығы және залалды қоспа бойынша әрбір ылғалдығы және залалды қоспаның пайызына шартпен белгіленген нормадан төмен 1 пайыз көлемінде заттай шегерім салмағы шегеріледі, немесе нақтылы салмаққа ылғалдығы және залалды қоспа бойынша әрбір ылғалдығы және залалды қоспаның пайызына шартпен белгіленген нормадан жоғары 1

пайыз көлемінде заттай шегерім қосылады. Заттай шегерім және үстеме 0,1 пайызға дейін дәлдікпен есептелінеді.

Собықты жүгеріден басқа, заттай шегерім немесе үстеме көлеміне үлкейтілген немесе кемітілген астықтың нақтылы салмағы, есепке алынған нақтылы салмақ болып табылады.

Астық қабылдау кәсіпорны үшін астық қолхатында қойылған астықтың есепке алынған нақтылы салмағы, астық қабылдау кәсіпорны мен астық иесі арасында шарты бойынша анықталған нормасы бойынша жөнелтілгенде, жіберілгенде нақтылы салмаққа тең болады.

27. Сапаның көрсеткішінің шартта белгіленген нормалардан ылғалдығы және залалды қоспа бойынша ауытқыған кезде, астықты астық қолхаты бойынша жіберген кезде заттай шегерім және үстеме қолданылады. Нақтылы салмақтан ылғалдығы және залалды қоспа бойынша заттай шегерім салмағы әрбір ылғалдығы және залалды қоспаның шартта белгіленген нормадан төмен пайызына 1% көлемінде есептен шығарылады, немесе шартта белгіленген нормадан жоғары ылғалдығы және залалды қоспаның әрбір пайызына ылғалдығы және залалды қоспа бойынша 1% көлемінде заттай үстеме нақтылы салмаққа қосылады.

28. Астық қабылдау кәсіпорнына собықпен келіп түскен жүгері дәнінің есепке алынған нақтылы салмағы келесі тәртіпте анықталады:

1) собықтың нақтылы салмағы және дәннің нақты шығу пайызына байланысты жүгері дәнінің нақтылы салмағы анықталынады;

2) сонан-соң жүгері дәнінің есепке алынған нақты салмағы заттай шегерім салмағына кеміткен немесе заттай үстем салмағына көбейтілген, шартта белгіленген нормадан сәйкес сапаның ылғалдығы және залалды қоспа бойынша ауытқуы, дәннің нақты салмағынан шыға есептелінеді;

3) собықты жүгеріні дәнге ауыстыру астық қабылдау кәсіпорын зертханасымен анықталған орта тәулікті үлгіні бастыру жолымен собықтан дәннің нақты шығуы бойынша жүргізіледі.

29. Астық қабылдау кәсіпорнына сапасы бір текті емес астық келіп түскенде оның орта тәулікті үлгісімен қабылдау рұқсат етілмейді.

Осындай астықтың сапасын астық қабылдау кәсіпорын лабораториясы әрбір келіп түскен партияларды (автокөлікпен) бөлек анықтайды.

30. Келіп түскен астық партиясының сапасын анықтағаннан кейін лаборатория қызметкері тауар көлік жүкқұжатының келесі бетінде барлық талап ететін сапа көрсеткіштерін және астық жіберілетін қойма нөмірін көрсетеді. Жүкқұжатының келесі бетінде астық сапасының көрсеткіштері жоқ болса қолмен жазылынады.

Егер астық қабылдау кәсіпорнына астық талапты көрсеткіштері жоқ басқа

үлгідегі жүкқұжаттарымен әкелінген жағдайда, аға ауыспалы лаборант жүкқұжат бірінші данасының келесі бетінде төменгі үлгіде көрсетілгендей штамп қояды және мұнда барлық талапты сапа көрсеткіштері және астық жіберілетін қойма н ө м і р і т о л т ы р ы л ы н а д ы .

31. Тауар көлік жүкқұжатының бірінші данасының негізінде астық қабылдау кәсіпорнының есеп қызметкері қабылданған астықтың орташа есептегі сапа көрсеткіш қорытындылары немесе жүгері собығынан орташа өлшемдегі дәннің нақты шығуын анықтайтын бір түрдегі қабылданған астық жүкқұжаты (5 қ о с ы м ш а) қ ұ р ы л а д ы .

32. Қабылданған астық жүкқұжаты (5 қосымша) негізінде астық сандық сапалық есеп журналына (6 және 7 қосымша) жазу жасалынады, сонан кейін астық иесі келісімімен астық қолхаты жаздырылады.

33. Басқа астық қабылдау кәсіпорнынан темір жол және су көлігімен астық келіп түскен кезде, келіп түскен партияның салмағын материалды жауапты тұлға немесе астық қабылдау кәсіпорын - қабылдаушы темір жол станциясының таразышысы немесе кемежай қабылдау өткізушімен бірге анықтайды, ал автокөлікпен жеткізілгенде - жүкті алып келген және оның сақталуына жауапты т ұ л ғ а н ы ң қ а т ы с у ы м е н .

Жүктің өлшену нәтижелері өлшенген астықты тіркеу таразы журналдарына (1 және 2 қосымша) сәйкес тіркелінеді.

34. Жол жөнекей станцияның вагонды таразысында астық жүктерін өлшеу, аз жүккөтергіш таразысында вагондарды ағытпай (екі қабылдауда) және үлкен жүкті вагондарды өлшеу рұқсат етілмейді.

35. Қалыпты салмақты мөшекте қапталған өнімді қабылдау өлшенусіз жүргізіледі, ал келіп түскен партияның салмағы орын санымен және қалыпты салмақпен орын санының тексергенде темір жол немесе су көлігінің қабылдау өткізушісі қатысуымен анықталынады.

Вагондар мен кемелерден жүк түсірген кезде бөлек мөшектер жыртылған (өңі кетіп қалған, тігісі ашылған және т.б.) болса, мұндай мөшектегі өнімдер нақты салмағымен темір жол және су көлігінің коммерциялық актісінде белгіленіп өлшеніледі және кірістірілінеді. Вагонда (кемеде) өнімнің төгілгені болған кезде, жүкқабылдаушымен төгілген жиналынады, өлшенілінеді және кірістірілінеді.

Темір жол және су көлігімен келіп түскен астық қабылдау (10 қосымша) көп вагонды (баржалық) астық өнімдерінің келіп түсуі қабылдау актісімен немесе (11 қосымша) бір вагонды (баржалық) келіп түсу қабылдау актісімен материалды жауапты тұлғамен ресімделінеді. Темір жол немесе су жүкқұжаттары б у х г а л т е р и я ғ а б е р і л е д і .

36. Басқа адреске жіберу тәртібімен астықты қабылдаған астық қабылдау кәсіпорны бұл туралы дереу жүк жіберушіге және бастапқы адресатқа

х а б а р л а й д ы .

37. Басқа астық қабылдау кәсіпорнынан келіп түскен астық және өнімдер материалды жауапты тұлғаның өзінің қойма есебімен қабылдау пунктінде қайта өлшегенде нақты салмағы санымен және Ереженің 33-тармағында көрсетілген тәртіпте кірістірілінеді.

Салмақтың (орынның саны) станция (кемежәй, порт, кәсіпорын) жүкқұжатына қарсы айырмашылығында жіберілу ресімделінеді:

1) жүкпен бірге ілесетін астық иесінің (оның өкілі) қоса жіберілетін жүкқұжаттарының қолхатымен және астықты автокөлікпен қабылдаған материалды жауапты тұлғамен;

2) жүкқұжаттың келесі бетінде станция (кемежәй, порт) бастығының, оның көмекшісі немесе олардың тапсырысымен жүк ауласының меңгерушісінің қолымен белгіленген, тағайындалған станцияның штемпелімен таразының көрсеткіштері - 0,1% алшақтау нормасының есебімен темір жол және су тасымалдауында табиғи кемудің нормасынан аспайтын астық салмағының жетіспеушілігі расталғаны;

3) темір жол және су тасымалдауында табиғи кемудің нормасынан аспайтын және таразының көрсеткіштерінде алшақтау нормасының астықтың салмағының жетіспеушілігінде тағайындалған, және де стандартты салмақпен мөшекте қапталған ұн, жарма және жүгері тұқымын орындарын жетіспеушілігін темір жол станциясымен (кемежәй, порт) құрастырылған коммерциялық актімен ресімделінеді.

Коммерциялық акт станция бастығымен (оның орынбасары), жүк аумағының меңгерушісімен (немесе оның орнын басатын тұлға) және станция қабылдау өткізушімен және де егер ол тексеруге қатысса, жүк қабылдаушымен қол қойылады.

Темір жол көлігімен төгілген күйде немесе қапта (мөшекте) тасымалданатын астық, астық бұршақты, майлы дақылдардың тұқымдарын вагонды, тұтқалы, циферблатты, мойнақты таразыда дәл өлшеудің нормасы белгіленген қолданылатын мемлекеттік стандартқа сәйкес болуы тиіс.

38. Астық қабылдау кәсіпорнына темір жол немесе су көлігімен астықтың келіп түскен кезде қабылдаушы астық қабылдау кәсіпорын лабораториясымен түсіру мезгілінде сынама алынады және белгіленген мемлекеттік стандарт тәртібінде талдау жүргізіледі.

39. Кәсіпорын - қабылдаушы лабораториясымен келіп түскен астық өнімдерін талдау жүргізген кезде астық сапасы жөнелтушінің сертификатта көрсетілген ұйғарымды алшақтау нормасынан жоғары сапасынан алшақтығы белгіленсе, астық өнімдерінің тиеліп жіберілген орында берілген сертификат келесі тәртіпте айырбасталынады:

- 1) жүк жөнелтуші уәкілі телеграммамен шақырылады;
- 2) даулы астық партиясы бос қоймаға түсіріледі және басқа астық партияларымен араластырылмайды;
- 3) үлгі алу жөнелтуші уәкілі (астық иесі), қабылдаушы және Ауыл шаруашылығы министрлігінің аумақтық басқармасының астық инспекторының қатысуымен жүргізіледі және алу актісі ресімделінеді, сапа сертификаты ұсынылады.

Егер де даулы астық партиясынан үлгіні алу мүмкіндігі және де оларды түсірген кейін сапасының өзгерістер болмағанын растайтын шындық мәліметтердің болмаған жағдайда, онда сапа сертификатына қабылдаушының кінәрат-талаптары қабылданбайды.

Екі килограмнан кем емес салмақта алынған үлгі, астықты тиіп жіберілген жерден берілген сапа сертификаты мен қабылдаушының лабораториясының талдау карточкасының алу актісімен ілестіріп, белгіленген тәртіпте сапасын тәуелсіздік бағалау үшін аккредиттелген сынау лабораториясына ұсынылады.

Сапаның барлық көрсеткішіне немесе бір дау көрсеткішіне жүргізілген осы астыққа қарастырылған стандартпен сынау негізінде, сынау лабораториясы сынау протоколын береді, осының негізінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық аумақтық басқармасы астықты тиіп жіберілген жерден берілген сертификатты мойындауы туралы немесе ауыстыруын шешім қабылдайды.

Егер де астық сапасын сынау лабораториясында алынған талдау деректерімен наразылық білдірген сертификат сапа көрсеткіштері арасында сапалардың айырмашылығы стандартты нормалық ұйғарымнан аспайтын болса, осы сертификаттың дұрыстығы сынау протоколымен және сертификаттың келесі бетінде жазылуымен расталады.

Жазба белгіленген тәртіпте аккредиттелген сынау лабораториясы басшысының қолы мен мөрімен расталынады.

Егер де алынған талдау деректерімен және наразылық білдірген сертификаттың сапа көрсеткіштері арасындағы сапа айырмашылығы стандартты нормалық ұйғарымнан асатын болса, жіберілген жерден берілген сертификат жаңаға айырбасталынады; мұндай жағдайда жаңа сертификаттың жоғарғы оң жағында: "___ 200_ ж. N___ сертификатқа айырбас", көрсетіледі, келесі бетінде белгілеуімен сәйкес қайта берілген сертификат немесе жіберілген жерден берілген сертификат, астық қабылдаушыға астықтың сапасын сынау лабораториясы сынау протокол жөнелтпесімен жіберіледі. Сертификаттың көрсеткіші бойынша нақты сапасының сәйкес еместігі туралы айырбасталған сертификатты берген ұйым басшысы хабарландырылады.

Керекті жағдайда жіберуші немесе қабылдаушы сынау лаборатория

қорытындысымен келіспегенде, талас сот тәртібінде шешіледі.

Жақын және алыс шет елдерден келіп түсетін астық сапасының айырмашылығындағы кінәрат талаптар заңнамада белгілеген тәртіпте ресімделінеді және ұсынылады.

Астық қабылдау кәсіпорны акт-шағым құрайды (12 қосымша) және бір ай мерзімде кінәрат талаптарды акт-шағымымен қосып, сапа сертификатымен жібереді. Акт-шағымының екінші данасы астық жіберілген жеріне жіберіледі. Қабылданған акт-шағымдарын астық жіберуші - ұйым арнайы журналға (13 қосымша) тіркейді және екі апта ішінде барлық қажетті құжаттардың келіп түсуімен кінәрат талаптар қарастырылады.

Егер де сапасының төмендеуі немесе астықтың бүлінуі жол жүру барысында болған жағдайда, коммерциялық акт құрастырылады, ал шығынды өтеу жөніндегі кінәрат талаптар автокөлік ұйымына белгіленген заңнама тәртібінде ұсынылады.

Егер де астықтың сапасының төмендеуі немесе бүлінуі жол жүру барысында жөнелтуші кінәсімен болған жағдайда, коммерциялық акт негізінде кінәрат талаптар жөнелтушіге белгіленген заңнама тәртібінде ұсынылады.

Қабылданған акт-шағымдар астықтың санды-сапалы есеп кітапшасында сапаның түзетуін тексеру үшін астық инспекторларына беріледі.

3. Астықтың жіберуін ресімдеу

40. Астықтың әрбір партиясы астық қабылдау кәсіпорны материалды жауапты тұлғамен, басшы мен бас бухгалтер немесе уәкілетті тұлғамен қол қойылған (14 қосымша) бұйрығы негізінде, өлшеу жолымен анықталынатын саны бойынша және астық қабылдау кәсіпорны лабораториясы анықтайтын сапасы бойынша жіберіледі (тиелініп жіберілінеді). Жүк жөнелтушінің вагон немесе элеватор таразысы болмаған жағдайда салмағын анықтау жөнелту станциясы вагон таразысында жүк жөнелтушімен бірге темір жол таразышымен жүргізіледі және олардың қолдарымен жол құжаттары куәландырылады. Орында жіберілген кезде салмақ қабылдаушы қатысуымен анықталынады. Астық партияларын өлшеу нәтижелері лабораториялық талдауды тіркеу журналына (4 қосымша), таразы журналына (1, 2 қосымша) жазылады. Партия бойынша, көлік тіркеумен бірге тасымалданатын лабораториялық талдауды тіркеу журналына да (4 қосымша) көлік және тіркеменің нөмірі көрсетіледі.

Жіберілгенде (тиелініп жіберілгенде) астықтың сапасы мемлекеттік стандарт белгіленген тәсілмен анықталынады және талдау нәтижелері сапа туралы құжатта жазылынады және журналда (4 қосымша) тіркелінеді.

Мемлекеттік ресурстың астығын сақтайтын астық қабылдау кәсіпорны осы астықтың әрбір партиясының Агенттің наряды бойынша заңнама тәртібінде белгіленгендей жіберу жүргізіледі.

41. Астық қабылдау кәсіпорнынан астық қолхаты бойынша астықты жіберу Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2001 жылғы 31 қазандағы N 323 V011664_ бұйрығымен бекітілген жіберу Ережелерімен, астық қолхатын айналымы және өтеуімен реттеленеді.

Қойма бойынша бұйрық бес тәулік бойы қолдану күші бар, сонымен қатар тұтынушы осы көрсетілген күндердің біреуінде астықты қоймадан тасымалдауын жүргізу тиіс. Тасымалдау басталғаннан кейінгі бұйрық келесі күні қолдану күші жойылады және тасымалданбай қалған астық санына жаңа бұйрық жазылады.

Астықты қабылдаушының сенім хатсыз, белгіленбеген нысанды бұйрығымен, бұйрықта көрсетілген саннан асып түсетін немесе бұйрықтың мерзімі өтіп кеткен астықты жіберу және жөнелту астық қабылдау кәсіпорын жауапты тұлғалары қолданылатын заңнамаға сәйкес жауапты болады.

Астықты жіберу және жөнелту құжаттарында: көлік жүк құжаттарында, фактураларда, және де астық қабылдау кәсіпорындары жазып беретін есепшоттарында астық қолхатының нөмірі көрсетілуі қажет.

42. Астық қабылдау кәсіпорындарынан астықты жіберу барлық бұйрықтар, астықты жіберу жөніндегі қабылданған бұйрықтардың есеп журналын жүргізетін астық қабылдау кәсіпорын есеп жұмысшысына беріледі.

Өтелген астық қолхатының есебі астық қолхаты реестрінде жүргізіледі.

43. Астықты астық қабылдау кәсіпорын ішінде ауыстыру - астық қабылдау кәсіпорны басшысы немесе оның орынбасары және материалды - жауапты тұлғаның қол қойылуымен астықты астық қабылдау кәсіпорын ішінде ауыстыру жүкқұжатымен (15 қосымша) ресімделінеді. Астық қабылдау кәсіпорны ауласы шегінде астықтың қоймадан қоймаға ауысуы кезінде салмақ бір рет осы қойманың материалды-жауапты тұлғалардың қатысуымен анықталынады.

Астық қабылдау кәсіпорны ішінде ауысатын астықтың сапасы осы кәсіпорын лабораториясымен анықталынады, ал сапа көрсеткіштері кәсіпорны ішінде ауысатын астықтың жүкқұжатында көрсетіледі.

44. Тиелінетін немесе жөнелтілетін тұқымның әрбір партиясы келесі жүкқұжаттармен бірге жөнелтілінуі тиіс:

1) барлық дақылдардың элита және супер элита тұқымы, және де өздігінен желілік жүгері тұқымы - тұқымға аттестат, сапа сертификатымен;

2) барлық қалған репродукция тұқымдары - тұқымға куәлік, сапа сертификатымен;

3) жүгерінің гибриді тұқымдары - жүгерінің гибриді тұқымдарына куәлік, сапа сертификатымен.

Бұл құжаттарда сортты сапалар өткізушінің сортты құжаттары негізінде, ал егіс сапасы - аккредитті лаборатория беретін "тұқымның кондициясы туралы куәлігі" негізінде көрсетіледі. Тұқым ылғалдығы тұқымды тиеп жіберген немесе

жіберілетін күні жүргізілген кәсіпорын лаборатория талдауының негізінде көрсетіледі.

Тұқымға аттестат және тұқымға куәлік астық қабылдау кәсіпорын басшысы немесе оның орынбасары, лаборатория меңгерушісімен және материалды-жауапты тұлғамен қол қойылады.

Сортты тұқымды темір жол немесе су көлігімен жөнелткен кезде көлік жүк құжаттарда осы партияға сортты тұқымға берілген қосымша аттестат немесе тұқымға куәлік туралы белгі жасалынады, осы құжаттың нөмірі және құжатты берген кәсіпорын аты көрсетіледі. Бұл аттестат немесе куәлік темір жол немесе су жүкқұжатына тіркелінеді. Аттестат немесе куәліктің екінші данасы тұқым иесіне беріледі, үшінші дана лаборатория іс қағазында қалады.

Сортты тұқымды темір жол немесе су көлігімен тиіп жіберген кезде, есептеу және санды-сапалы есептеу үшін талап ететін ылғалдық және тауарды талдау бойынша залалды қоспалардың болу көрсеткіштері аттестат және тұқым куәліктерінде қосымша бөлек жолда көрсетіледі.

Тұқымды астықты темір жол немесе су көлігімен жөнелткен кезде тұқым куәлігінде сонымен қатар клейковинаның сапасы мен мөлшері, шынылығы, натурасы, бұл үшін "егістік" сөзін сызып тастап "егіс сапасы туралы қосымша мәлімет" жолдарын қолданып көрсету қажет. Тұқымды пошта немесе тауар қол жүкпен жөнелтілген кезде аттестат немесе куәлік жөнелтілу ораманың ішіне салынады.

Тұқымды орында жіберілген кезде аттестат немесе куәлік 2 данада жазылады, оның ішінде біреуі тұқым алушыға беріледі, ал екіншісі лаборатория іс қағаздарында қалады.

4. Тереңдіктен желілі астық қабылдау кәсіпорнына астықты тасымалдауын ресімдеу

45. Тереңдіктегі астық қабылдау кәсіпорнынан желілі астық қабылдау кәсіпорнына астықты тасымалдау астық иесімен осы кәсіпорынмен астық иесі арасы шартына сәйкес жүргізіледі.

Тереңдік астық қабылдау кәсіпорындардан астықты тасымалдау тауар көлікті жүкқұжатпен 3 данада жазылып, ресімделінеді. Тауар көлікті жүкқұжаттың жыртылмалы талоны бар 2 данасы жүргізушіге беріледі, ал 3 дана тереңдік астық қабылдау кәсіпорында қалады.

46. Тереңдік астық қабылдау кәсіпорыннан алып келген астықты қабылдаған желілі астық қабылдау кәсіпорын, жүкқұжаттың бірінші данасы өзінде қалады, екінші дана астық қабылдауы қолхатымен терең астық қабылдау кәсіпорнына қайтарылынады, жыртылма талондар астықты алып келген жүргізуші арқылы астықты жеткізгені үшін және автокөлік жұмысының есебі үшін есеп шотқа қосымша автокөлік кәсіпорнына жіберіледі.

47. Тереңдік астық қабылдау кәсіпорны меңгерушісімен (таразышымен) автокөлік немесе тауар таразысында көлік жүргізушісі қатысуымен астықты өлшеу жүргізіледі. Жүргізушісі жүкті тасымалдауды тауар көлік жүкқұжатында қол қоюымен қабылдайды және астықты тағайындалған жерге сондай-ақ с а л м а қ п е н ө т к і з е д і .

48. Тереңдік астық қабылдау кәсіпорнынан жіберілетін астықтың сапасы осы кәсіпорын лабораториясымен анықталынады және тауар көлік жүкқұжатында көрсетіледі. Сонымен қатар тасымалданатын астыққа астық сертификациясы ж а з ы л а д ы .

49. Тереңдік астық қабылдау кәсіпорнынан алып келінген астықтың сапасын желілі астық қабылдау кәсіпорны лабораториясымен сертификатта көрсетілген астық сапасына сәйкестігі анықталынады.

Астықтың сапасын дәлірек анықтау және желілі астық қабылдау кәсіпорнында көлік кідірісін жою мақсатында, бұл ұйымдарға сапасы бойынша бір түрдегі астық партиясының орта тәулікті үлгіде астық иесі астықты қабылдау үшін белгіленген тәртіпте қабылдау жүргізуге рұқсат етіледі.

50. Орта тәулікті үлгілер астық қабылдау кәсіпорны лабораториясымен әрбір бөлек есептелінетін астықты желілі астық қабылдау кәсіпорнына тиіп жіберген құқықты немесе нақтылы тұлғамен құрылады.

51. Бірнеше материалды жауапты тұлғасы бар тереңдік астық қабылдау кәсіпорнынан астықты тиіп жіберген кезде, тауар көлікті жөнелтпе жүкқұжатында қойма нөмірі және астықты тиіп жіберген материалды жауапты тұлғаның фамилиясы көрсетіледі.

52. Желілі астық қабылдау кәсіпорнымен орта тәулікті үлгілі сапасы бойынша бір түрдегі астық партиясының қабылдаған кезде желілі астық қабылдау кәсіпорны лабораториясымен анықталған кәсіпорын - жөнелтуші орта өлшенген астық сапасы сапа сертификаты бойынша салыстырылады.

53. Алып келінген астықтың сапасында ұйғарымды алшақтау нормасынан жоғары айырмашылығын тапқан кезде және желілі және тереңдікті астық қабылдау кәсіпорын лаборатория арасындағы келіспеушілік пайда болғанда, сапасы бойынша кінәрат талаптар осы ереженің 27-тармағында белгіленген астықтың сапасында айырмашылық болу кінәрат талаптарды ұсыну тәртібіне сәйкес шешіледі.

5. Астықты өндеуді ресімдеу

54. Астық қабылдау кәсіпорнында астықты тазалау және өндеудің басқа түрлері тек қана, кәсіпорын басшысы (басшы орынбасары) және лаборатория меңгерушісі қол қойылған өкімімен - астықты тазалау, кептіру актісімен (16 қ о с ы м ш а) жү р г і з і л е д і .

55. Өкімде астық иесі, тазалауға арналған астықтың саны мен сапасы,

мақсаты және оны жүргізу әдісі, әрбір сапа көрсеткіштерін қандай кондицияға оларды жеткізу керектігін және жұмыстың біту мерзімі көрсетіледі.

56. Материалды-жауапты тұлға оған тапсырылған жұмысты орындауын және жұмыс біткеннен кейін келесі күнге жеткізбей нәтижелерін (16 қосымша) астықты тазалау, кептіру актісімен ресімдеуін қамтамасыз ету міндетті.

Астықтың үлкен партиялары өңделген жағдайда астықты тазалау, кептіру актісі бір айда бір рет кем емес астықты тазалау, кептіру туралы есеп беруде өндірістік жұмысты уақытында көрсетуін қамтамасыз ету үшін құрастырылуы м і н д е т т і .

Актіде өңдеудің алдында және соңында астықтың саны мен сапасы, алынған жанама өнімдер және қалдықтардың саны мен сапасы көрсетіледі. Акт материалды-жауапты тұлға, лаборатория меңгерушісімен қол қойылуы, есеп жұмысшысымен тексерілуі және астық қабылдау кәсіпорын басшысымен б е к і т і л у і т и і с .

57. Астық тазалау машиналарында қоймаларда сақталынатын, барлық бөлек есептелінген астық партияларын тазалаған кезде, тазалауға арналған астық саны бухгалтер есебі көрсеткіштерімен анықталынады. Егер де тазалау тек қоймада сақталынатын астықтың бір бөлігі ғана жасалынса, өңдеудің алдындағы саны өлшеу жолымен немесе барлық партиялардың өңдеудің бітуіне дейін өлшеу жолымен анықталынады. Өңдеудің алдында астық санын анықтау әдісі, астықты тазалау, кептіру акт-өкімінде көрсетіледі.

58. Стационарды таразымен жабдықталған элеваторларда, кептіру-тазалау мұнараларында және механикалындырылған қоймаларда, өңдеу үшін жіберілетін астық саны, өлшеу жолымен анықталынады.

59. Астықты тазалау және механизация ауыстырылу кезінде алынған жанама өнімдер және қалдықтар, әрбір өндірілген астық партиясы мен өнімнің бөлек анықталынатын салмағы мен сапасы бойынша қалдық цехына беріледі. Жанама өнімдер және қалдықтар өлшенімі өңдеу актісіне тіркелінеді.

Астықты тазалау актісін құрастырған кезде қалдықтарда залалды немесе астық қоспаларына жатқызу сәйкес дақылға мемлекет стандарттары бойынша, залалды қоспа құрамында дақылды өсімдіктің дәнін (майлы дақылдардың тұқымы және шөптерден бөлек) шығарып, жүргізіледі.

60. Астықты тазалау және кептіру барысында ресімдеген кезде, тазалау және кептіру алдындағы актідегі салмағы, осы барысы желісінде астықты қабылдау көрсеткіштері байланысты, санды-сапалы есебінің дербес шоттарына б а й л а н ы с т ы к ө р с е т у қ а ж е т .

Астықты тазалау және кептіру актілерінде:

1) тазалау алдында саны мен сапасы - қабылданған астық реестрінің көрсеткіштерінің негізінде;

2) жанама өнімдер мен қалдықтардың астықты тазалағаннан кейін алынған саны мен сапасы ;

3) кептірілуге жіберілген (астық қалдықтарын тазалауға алынған салмағынан бөлек, егер олар астықты кетіруден бұрын бөлінсе) астық саны, және де астықтың кептіргенге дейін және кептіргеннен кейін ылғалдығы;

4) лаборатория талдауының негізінде формуламен анықталынған, кептіргенде салмағының кемуі көрсетіледі.

61. Астықты тазалау кезінде алынған жанама өнімдер мен қалдықтарды салмағы бойынша қалдық цехіне (қоймаға) беріледі, негізі дақылдардың есебінен есептен шығарылады және сақтау жеріне кірістіріледі. Жанама өнім мен қалдықтар өлшенім тізімдемесі астықты тазалау актісіне тіркелінеді.

Тазалау және кептіруден кейін астық сапасы және жанама өнімдер мен қалдықтардың сапасы астық қабылдау кәсіпорын лабораториясымен анықталынады .

Астықты кептіру кезінде кему осы Ереженің 70-тармағымен белгіленген тәртіпте көрсетіледі .

62. Астық шөмелесінің бетінде астық қоймаларында, оның өзінен-өзі орналастырған кезде сұрыпталуы нәтижесінде, және де механизмдер ауыстырылуымен астықтың желдетуімен пайда болатын, жеңіл органикалық қоспа астық шөмелесінің бетінен алып тасталынуы тиіс. Астық шөмелесін сыпырғаннан алынған қоспадан қалыпты астық алу үшін өңдеу жүргізілінеді. Осы қоспаның өңделуі актімен ресімделінеді. I және II категориялы жанама өнімдер мен қалдықтар қалыпты астық алынғаннан кейін өлшеніледі, олардың сапасы анықталынады, сонан кейін олар қалдық цехіне (қоймасына) беріледі, ал III категориялы қалдықтар (жемдік емес) өлшеніледі және белгіленген тәртіпте жойылады. Қалдық цехіне (қоймасына) берілген I және II категориялы жанама өнімдер мен қалдықтар, және де жойылған III категориялы (жемдік емес) қалдықтар олардан алынған негізгі дақылдың есебінен есептен шығарылады.

Транспортермен (аспалы тормен) астықтың ауыстырылуы жағдайында пайда болатын қалдықтар, мұндай тазалау өңдеу актісімен ресімделінеді, осының негізінде қалдықтар негізгі дақылдан есептен шығарылып тасталынады және сәйкес сақтау орнымен кірістірілінеді.

63. Қолдануға жарамайтын қалдықтар астық қабылдау кәсіпорын ауласынан шығарылып тасталуы және жойылуы қажет (17 қосымша).

64. Кептірілген астықтың санын есептеу салмақ бойынша жүргізіледі, сол үшін астық кептіру алдында және кейін өлшенуі тиіс.

Мұндай жағдайда, кептіргенде ылғалдығының төмендеуінен астық салмағының кемуі осы Ереженің 84-тармағында көрсетілгендей, формуламен есептелінген, астықты тазалау және кептіру актісіне байланысты, қоймалы және

жедел есеп беру бойынша бар астықтан шартты есептен шығарылады.

65. Астық кептіргіш жұмысын оперативті бақылау үшін астық кептіргіш жұмысын есептеу журналы, ал таразылармен жабдықталған астық кептіргіштерде, сонымен қатар, ылғал және кептірілген астықтың артық өлшену таразы журналдары жүргізілінеді.

6. Собықтағы жүгеріні бастыру және талдауын ресімдеу

66. Собықтағы жүгеріні бастыру және талдауын астық қабылдау кәсіпорны басшысы (оның орынбасары) және лаборатория меңгерушісі қол қойылуымен жүргізіледі.

Жүгеріні бастыру алынған дән, жанама өнімдер және I және II категориялы қалдықтар (өзектен бөлек) қоймаға сақталу үшін бағытталады және материалды-жауапкерлі тұлғамен міндетті түрде өлшеніп және астық қабылдау кәсіпорын лабораториясымен сапасын анықтап қабылданылады.

Жүгері өзегін бастырудан алынған салмақ автокөлік немесе басқа таразыларда өлшеу жолымен анықталынады. Бастырылмаған дән өзектің 1,2% асқан салмақта болса, қайта бастырылу жүргізіледі.

Жүгерінің бастырылуы өкіммен жүгерінің бастырылу актімен ресімделінеді. Акт әрбір бөлек есептелінетін собықты жүгерінің партиясын бастырылуына, құрастырылады.

Бастырылуға берілген собықты жүгерінің салмағы, жүгері дәнінің, жанама өнімнің, қалдықтардың және өзектерді бастырылуынан алынған салмақтың сомасы ретінде анықталынады. Жүгері собығының бастырылу сапасы (орташа өлшенген ылғалдық және собықтан шыққан дән), және де дәнді, жанама өнімді, қалдықтарды және өзектерді бастырудан алынған сапа және кәсіпорын лабораториясы өзекте бастырылмаған дәннің барын анықтайды. Өлшенім және талдау карточкасы тіркелінеді.

Собықты жүгерінің бастырылуы кезінде дәнді, қалдықты және өзекті өлшеу үшін таразыларды қондыру мүмкін болмаған жағдайда, олардың салмағы сатылу кезінде құжаттар бойынша анықталынады.

67. Собықты жүгеріні талдау кезінде және сақталу орнын тазалаған кезде, собықтың өзінен-өзі тазалану нәтижесінде жиналынған дән, өлшену жолымен белгіленген дән салмағы және лаборатория анықтаған оның ылғалдығы және залал қоспасы көрсетілген акт бойынша кірістіріледі. Актіге талдау карточкасы тіркелінеді. Собықты жүгерінің есеп шотынан таза дәннің салмағы (бөтен қоспасыз) есептен шығарылады, ал дәндегі жүгері есебіне қоспа салмағын қосатын нақтылы салмақ кірістіріледі.

Собықты жүгеріні талдау кезінде алынған қалдықтар (собықтың, өзектің, гүлдес, орама және басқа ауруымен зақымданған) собықты жүгеріден қалдықтың нақтылы салмағы көрсетілетін және лабораториямен анықталған сапа және

дәннің нақтылы шығу проценті талдау актісі бойынша есептен шығарылады. Есептен шығару дән, өзек және қалдықтың орташа өлшенген ылғалдығы бойынша жүргізіледі.

7. Астықтың сандық-сапалық есебі

68. Астық сақталуы мен салмағы кемуінің заңдылығын анықтауды бақылау үшін (белгіленген тәртіпте метрологиялық біліктілігін өткен) астық қабылдау кәсіпорындары әрбір астық иелері бойынша сандық-сапалық есебін жүргізеді. Астық, майлы дақылдардың, шөптердің тұқымдары, жанама өнімдер, I, II және III санаттағы қалдықтар, стандартты салмағы бар қаптарда буып-түйілгеннен басқа өнім астық, майлы дақылдардың, шөптердің тұқымдары, жанама өнімдер, I, II және III санаттағы қалдықтар бойынша салмағы, ылғалдылығы мен арамшөп қоспалары; собықтағы жүгері бойынша - салмағы және собықтардың орта өлшемдік ылғалдылығы, ал стандарттан тыс буып-түйілген өнім бойынша - орындардың саны, салмағы мен ылғалдылығы көрсетіліп сандық-сапалық есеп кітаптарында есепке алынады (6 және 7 қосымша).

Сандық-сапалық есептің негізіне астықты қабылдау кезінде - талдау карточкасының, тиеу, босату кезінде - сапа сертификатының сапалық көрсеткіштері қабылданады.

69. Сандық-сапалық есеп кітаптарында астық иесінің әрқайсысына, ал иелері бойынша - сапасы бойынша бірыңғай астықтың әрбір партиясына жеке бет есептері жүргізіледі. Егер кластар бойынша келіп түскен астықты жеке сақтау келісім-шартта көзделсе кластар бойынша астық жеке бет есептері бойынша жеке есепке алынады.

Жанама өнімдер сандық-сапалық есеп кітаптарында мынадай түрлер бойынша есепке алынады:

1) құрамында 50%-дан 70%-ға дейін астық бар, бастапқы өңдеудің астық қоспасы;

2) құрамында 70%-дан 85%-ға дейін астық бар, бастапқы өңдеудің астық қоспасы;

Бастапқы өңдеудің астық қоспасы қоймаларға орналастырылуы және осы астық қоспасы алынған астық дақылына байланысты бөлек есепке алынуы тиіс.

I санаттағы қалдықтар мынадай түрлер бойынша есепке алынады:

3) құрамында 30%-дан 50%-ға дейін астық бар астық қалдықтарын қоса, астық және майлы дақылдардан бөлек;

4) құрамында 10%-дан 30%-ға дейін астық бар астық қалдықтарын қоса, астық және майлы дақылдардан бөлек.

Собықтағы жүгерінің сандық-сапалық есебін жүргізуге материалдық-жауапты әрбір адам бойынша: тауарлық жүгері бойынша - сақталатын орындарға бөлінбей, ал сорттық және будандық жүгері бойынша -

сорттар мен будандардың жеке қалыптасатын партиялары бойынша рұқсат е т і л е д і .

Қабылданатын әртүрлі деңгейдегі ақаулы астық қалыпты астықтан бөлек е с е п т е л і н е д і .

70. Сандық-сапалық есеп жүргізу кәсіпорынның басшысымен анықталған, міндет жүктелген лауазымды тұлғамен жүзеге асырылады:

1) сандық-сапалық есеп кітаптары бойынша мәліметтерді материалдық-жауапты адамдардың қоймалық мәліметтерімен күн сайын с а л ы с т ы р ы п т е к с е р у ;

2) астықты есептеу үшін барлық қажетті материалдарды дайындау.

Сандық-сапалық есеп кітаптарында жазылғанды ешқандай өшіруге және түзетуге рұқсат берілмейді. Қате жазуларды түзету тек қана сиямен, жасалған түзетулерге міндетті түрде сілтеме жасап, түзеткен адамның қолы қойылып ж а с а л а д ы .

Бөлінген есепші қызметкерге берілген барлық кітаптар реттік нөмірлермен нөмірленеді. Кітаптың мұқабасында мыналар көрсетілуі тиіс: астық қабылдау кәсіпорынның атауы, кітаптың мүкәммалдық нөмірі, қойманың түрі және нөмірі, кітап жүргізілетін астықтың иесі, материалдық-жауапты адамның тегі және а т ы - ж ө н і .

Жеке есеп беттеріндегі барлық жазулар кіріс және шығыс операцияларын ресімдейтін, дұрыс жасалынған және қол қойылған құжаттардың, сондай-ақ сапа туралы құжаттардың негізінде жасалады.

Сандық-сапалық есеп кітабындағы (6 және 7 қосымша) кіріс және шығыс жөніндегі жазулар бір күн бойында қорытынды мәліметтермен мынадай құ ж а т т а р д а н ж а с а л у ы м ү м к і н :

қабылданған астыққа арналған жүкқұжаттардың тізбесі, көп вагонды (баржалы) астық келуіне арналған қабылдау актісі;

астықты тиеуге арналған теміржол және су жүкқұжаттарының тізімі.

Жүк алушылардың талаптары бойынша астықты кем тиеуді және артық тиеуді материалдық есеп бойынша қалпына келтіретін жазбалар сандық-сапалық есеп кітабының шығыс бөлігіне жазылады: артық тиеулер қара жазумен шығысты ұлғайтуға, ал кем тиеулер қызыл жазумен шығысты азайтуға.

Сандық-сапалық есеп кітапшасында жазулар операция күнінен кейінгі кешіктірмей келесі күн сайын жазу жүргізіледі.

Центнер-пайыздар бүтін бірліктермен қойылады. 0,5-тен аз үлестер алынып тасталады, ал 0,5-тен және жоғары бірлік деп қабылданады.

Центнер-пайыздар ылғалдылығы мен қоқым қоспасы бойынша орташа өлшемді сапасын анықтау мақсатында белгілі бір уақыт кезеңінде центнер-пайыздардың қосындысын астықтың салмағына бөлу арқылы

есептелінеді. Орташа өлшемді сапа 0,01%-ға дейінгі дәлдікпен анықталады.

Кіріс және шығыс, центнер пайыз бойынша қорытындыларды күн сайын және ай бойы шығару керек. Қалдық алдындағы қалдықты кірісімен қосып одан шығынды алып тастау арқылы шығарылады. Қалдық күн сайын егер күні бойы кіріс немесе шығыс операциялары болса, шығарылады.

Кептіру кезінде ылғалдылықтың азаюынан алдын ала есептен шығарылған шығыс анықтамалы түрде көрсетілуі тиіс (қалдықтан кейін): "Сонымен бірге кептіру кезінде алдын ала есептен шығарылған шығыс..... кг".

Материалдық-жауапты адам тоқсан сайын (шалғайдағы астық қабылдау ұйымдарында ай сайын) жазылған қалдықтардың дұрыстығын өзінің қолына қойып к у ә л а н д ы р а д ы .

Астық қабылдау кәсіпорнының бас бухгалтері, басшысының орынбасары, лабораторияның меңгерушісі сандық-сапалық есеп кітабындағы жазбалардың дұрыстығын ай сайын тексереді: біріншісі - центнер-пайыз және қалдықтар бөлігінде, ал екіншісі мен үшіншісі - сапа көрсеткіштері бөлігінде. Жүргізілген тексеру туралы кітаптың жеке бет есептерінде белгі қойылады.

Тігілген, нөмірленген және мөр басылған сандық-сапалық есеп кітапшаларында барлық жазбалар сиямен немесе электронды түрде компьютерде күн сайынғы шығарылған зертхана меңгерушінің, бас бухгалтердің, материалды жауапты тұлға қол қоюымен жүргізіледі.

Жүгерінің будандық және сорттық тұқымдарын өңдеу жөніндегі зауыттарда собықтағы жүгерінің сандық-сапалық есебі сандық-сапалық есеп кітаптарында жүргізіледі (7 қосымша).

71. Материалдық-жауапты адамдар астық қабылдау кәсіпорының бухгалтериясына барлық кіріс және шығыс құжаттарын қоса беріп астықтың қозғалысы туралы есептер береді. Есептерде ешқандай өшіруге және түзетуге рұқсат берілмейді. Есептерде қате жазбалар байқалғанда есептер қайта жасалады.

Есептердегі шамалы түзетулерді материалдық-жауапты адам қосымша түсінік беріп және түзетулердің белгіленген тәртібін сақтап жеке өзі енгізе алады.

72. Басқа кәсіпорындардан астық келіп түскенде материалдық-жауапты адам қайта өлшеу кезінде нақты болған астықтың санын өзінің (9 қосымша) есебінде көрсетеді.

Сандық-сапалық есеп кітаптарында (6 және 7 қосымша) қайта өлшеу кезінде нақты болған астықтың саны кіріске алынады.

73. Басқа астық қабылдау кәсіпорындардан келіп түскен астықтың сапасы сандық-сапалық есеп кітаптарында:

1) талдау кезінде нәтижелері ауытқу нормасының мүмкіндігінен аспайтын жөнелтушінің сапа сертификатымен;

2) белгіленген тәртіпте сапа сертификатына айырбас астықты жөнелту орны берген сапа сертификатына, сапасында айырмашылық ауытқу нормасы мүмкіндігінен асып түскен жағдайда және жөнелтушіге сапасында айырмашылығы туралы наразылық-актілері жіберілген;

3) жөнелтушімен берілген сапа сертификатымен, ауытқу нормасының жоғарғы мүмкіндігінен асып түскен сапа айырмашылығы наразылық-актілері ресімделінбеген мәліметтері бойынша жазылады.

Ылғалдылық пен қоқым қоспасының көрсеткіштері сандық-сапалық есеп кітаптарына 0,1%-ға дейінгі дәлдікпен жазылады.

74. Тиелген (босатылған) астықтың әрбір партиясы сандық-сапалық есеп кітаптары бойынша мынадай шығыс құжаттарының негізінде есептен шығарылады: орнын ауыстырудың фактуралары, жүкқұжаттары, темір жол және су тізімдері, тауарлық-тасымалдық жүкқұжаттары, тиелген және босатылған астықтың сапасын куәландыратын басқа құжаттар (сапа сертификаты, талдау картасы және т.б.).

75. Кәсіпорынның бір немесе әртүрлі аумақтарында орналасқан қоймадан басқа қоймаға астықты ауыстырғанда сандық-сапалық есеп кітаптары бойынша астық қабылдау кәсіпорында сол сан, және де астық қабылдау кәсіпорын лабораториясы анықтаған сол астықтың сапа көрсеткіші шығынға есептен шығарылады және кірістіріледі.

76. Тазалау және өңдеу актісі негізінде қалдықтар санды-сапалы кітапшасында нақты салмағы мен сапасы бойынша астықтың есебінен шығарылады және олардың сақталатын орындарында кіріске алынады.

Егер қалдықтардың ылғалдылығын лаборатория анықтамаса, сандық-сапалық есеп кітабында (6 және 7 қосымша) қалдықтар астықты тазартуға арналған актіде көрсетілген өңдеуге дейінгі астықтың ылғалдылығымен қалдықтар негізгі дақылдың есебінен шығарылады.

77. Астықтың, жанама өнімдердің, қалдықтардың әрбір жеке есепке алынатын партиясы толық жұмсалған күні немесе астықтың қалдықтары шамалы болғанда (қондырғы таразылармен жабдықталған механикаландырылған қоймаларда - 200 т. аз; механикаландырылмаған - 70 т. аз және шалғайдағы кәсіпорынның қоймаларында - 15 т. аз) астық қабылдау кәсіпорының материалдық-жауапты адамы мен есепші қызметкері бұл туралы кәсіпорынның басшысына жазбаша хабарлайды. Бұл жағдайда астық қабылдау кәсіпорынның басшысы тазарту жөніндегі комиссияға тазартудың толықтығын тексеруді тапсыруға және партияның тазартылуы ресімделуін ұйымдастыруға немесе осы Ережемен белгіленген тәртіппен тазарту актісін жасап қалдықтардың қайта өлшенуін қамтамасыз етуге міндетті.

Астықтың партиясын тазарту актісі жасалғаннан кейін астық қабылдау

кәсіпорынның басшысы астықтың толығымен жұмсалғандығы туралы астық иесіне хабарлайды және оған астық қабылдау кәсіпорнының комиссиясы жасап бекіткен тазарту актісін жолдайды. Қажет болған жағдайда астық иесі берілген тазарту актісін тексеру және бекіту үшін астықты сертификаттау жөніндегі о р г а н ғ а ө т і н і ш б е р е д і .

Дәнді, бұршақ тұқымдас және майлы дақылдардың сорттық тұқымдарын қайта өлшеу олардың жекелеген партияларының қалдықтары 10 тонна аз болған жағдайларда жүргізіледі.

78. Шамалы қалдықтарды қайтадан тексеру алдағы тексеру күнінен кейін алты айдан кешіктірмей жүргізілуі тиіс.

Астықтың қалдықтары материалдық-жауапты адамның және астық қабылдау кәсіпорын басшысы тағайындаған комиссияның қатысуымен өлшенуі тиіс.

Сонымен бірге, жаңа егіннің астығын дайындау басталғанға дейін, егер қалдығы 200 т. аз астық пен майлы дақылдардың бүкіл партиясын қайта өлшеу соңғы алты айдың ішінде жүргізілмесе олар қайта өлшенуі және нәтижелері тазарту актілерімен ресімделуі тиіс.

Жеке бет есептерін біріктіруге және жаңа егіннің астығы мен бұрынғы жылдардың егіндерінің астығын араластыруға тыйым салынады.

79. Сандық-сапалық есеп кітаптарында (6 және 7 қосымша) егер астық иесі партияны тазалаудан бас тартса, астық иесінің есеп шоты астық қабылдау кәсіпорын есепші қызметкері жабады, бұл жағдайда астық иесінің есеп шоты салмақта кему пайызын есепке алмай, ылғалдығының төмендеу пайызын есепке а л а о т ы р ы п ж а б ы л а д ы .

Ылғалдығы бойынша салмақтағы кемуді алдын ала есептен шығару тек қана тазалау актілерін құрғанда есептен шығарылады.

Тазаланған және тексерілген астық партиялары астық қабылдау кәсіпорын есепші қызметкерімен астық қабылдау кәсіпорын комиссиясының тазалау актісін қ а р а с т ы р ғ а н н а н к е й і н ж а б а д ы .

Қайта өлшенген партиялардың жаңа шоттары қайта өлшеу кезінде анықталған нақты қалдықты және лаборатория анықтаған нақты сапаны негізге алып тазарту актісін жасау бойынша дереу ашылады.

Тазартуға дейін немесе түгендеуге дейін тиелген, сондай-ақ түгендеу комиссиясының қатысуымен тиелген астықтың кем тиелгені және артық тиелгені үшін жүк алушылардан келіп түскен дәлелденген наразылықтар осы дақылдың бұрынғы дербес шоты бойынша сандық-сапалық есеп кітабында (6 және 7 қосымша) жазылады және осыған байланысты тазарту актісі қайта жасалады. Қайта жасалған актіде "200 __ ж. _____ қайта өлшеу бойынша қалдық" жолы бойынша саны өзгермейді; "200 __ ж. _____ 200 __ ж. _____ дейінгі шығыс" жолы бойынша кем тиелудің санына азаяды немесе артық тиелудің

санына көбейеді. Қайта жасалынған акт әдеттегі тәртіппен қарау және бекіту үшін астық инспекциясына беріледі.

80. Астықтың сандық-сапалық есеп кітабында (6 және 7 қосымша) компьютерде электронды түрде жүргізілуі мүмкін.

Операциялық күн аяқталғаннан кейін астық дербес шот бойынша орын ауыстырған жағдайда (9 қосымша) қойма есебінің есеп беру мәліметтерімен қорытынды тексеріледі. Астықтың күні бойы орын ауыстыруы жазылған парақ (парақтар) басып шығарылады, есепші қызметкер мен материалдық жауапты адамның қолдары қойылады, нөмірленеді және іске тігіледі. Файл сақталады және партияны дайындаудың басынан бастап ұлғайтыла жүргізіледі.

Астықтың әрбір партиясы бойынша операциялар аяқталғаннан кейін және тазарту актілері жасалынғаннан кейін журналдар жеке кітаптар болып түптеледі де жалпы негізде сақталады.

8. Астық қоймаларды тазартуын ресімдеу

81. Астық қабылдау кәсіпорнында қоймаларды және басқа астық сақталатын орындарды тазартуды құрамында астық қабылдау кәсіпорынның басшысы немесе оның орынбасары, лаборатория меңгерушісі және кәсіпорынның бас бухгалтері бар комиссия материалдық-жауапты адамның қатысуымен жүргізеді. Сақтау орындарын тазарту (18 қосымша) тазарту актісі құралып ресімделінеді.

Астық партиясы толық жұмсалған жағдайда немесе қайта өлшеу арқылы артығы мен кемі бар екендігі тексерілгенде олар болмаса және қоқым қоспасының ылғалдануы немесе ұлғаюы жоқ болса, сондай-ақ қоқым қоспасының ылғалдануы немесе ұлғаюы комиссияның түсінігі бойынша астықтың салмағы ұлғаюына әкеп соқпайтын болса, тазарту актілері жасалмайды

Астық қоймаларында тазалау жүргізу үшін тазалау туралы комиссия (бұдан әрі - Комиссия) тағайындалады, құрамына астық қабылдау кәсіпорын лауазымды тұлғалар, уәкілетті органның астық инспекторы кіреді, ал егер де мемлекеттік ресурс астығы сақталынған астық қоймалары тазаланған жағдайда Агент өкілі қ ұ р а м ы н а к і р е д і .

Комиссия бастапқы құжаттар мен сандық-сапалық есеп кітабында (6 және 7 қосымша) есептеу бойынша сандық және сапалық көрсеткіштердің дұрыстығын тексереді және мұндай тексерістің нәтижесін осы партияның дербес шотына ж а з а д ы .

82. Комиссияның тапсырмасы бойынша астық қабылдау кәсіпорнының есепші қызметкері астық партиясын тазарту актісін жасайды және оны барлық қажетті құжаттармен бірге комиссия мүшелеріне береді.

Тазарту актісін алғаннан кейін бес күн мерзімде қоймаларды тазарту жөніндегі комиссия мынадай кітаптар мен бастапқы құжаттардың негізінде

операциялардың нәтижелерін белгілейді:

1) бастапқы құжаттар бойынша сандық және сапалық, сондай-ақ салмақ есептеудің дұрыстығы мен орташа өлшемді ылғалдылық пен қоқым қоспасы жөніндегі көрсеткіштер тұрғысынан тексерілген сандық-сапалық есеп кітаптары (6 және 7 қ о с ы м ш а) ;

2) қойма есептері мен бастапқы кіріс-шығыс құжаттары: қабылданған астыққа жүкқұжаттар, жүкқұжаттар тізілімдері, тауар көлік жүкқұжаттары, жергілікті жіберу бұйрықтары, орын ауыстырудың темір жол және су жүкқұжаттарының, астықты қайта өңдеуге арналған актілердің, жарамсыз қалдықтарды жоюға арналған актілердің және т.б.;

3) коммерциялық актілер мен салмақ және сапа айырмашылығына арналған а к т - р е к л а м а ц и я л а р ;

4) сапа сертификаттарындағы, талдау карточкаларындағы және лабораториялық талдауларды тіркеу журналдарындағы жазбалар.

Тазарту актілері жасалуына орай, астық сақтау кәсіпорынның басшысы астық иесін хабардар етеді және оған Комиссия қараған актілерді жолдайды.

83. Астықтың жетіспеуінің көлемі сандық-сапалық есеп бойынша астықтың кірісі мен шығыс арасындағы айырмашылық ретінде анықталады. Астықтың сақталу процесінде астықтың сапасы өзгеруін талдаудың негізінде жетіспеушілік ақталған және ақталмаған болып бөлінеді.

Шығынның дәлелділігі сақталу және өңделу кезіндегі қол жеткен сапаның жақсаруына, яғни ылғалдылығы мен қоқым қоспасының азаюына және сақталу кезіндегі табиғи шығын нормаларына дәл сәйкестікпен белгіленеді. Астықты өңдеу жөнінде жүргізілген операция белгіленген нысандағы актілермен бекітілуі т и і с (1 6 қ о с ы м ш а) .

84. Астықтың сапасы өзгеруіне сәйкес оның салмағы өзгеруінің дәлелділігін анықтау үшін тазарту жөніндегі комиссия мынаны басшылыққа алады:

1) ылғалдылықтың азаюынан астықтың салмағы кемуінің көлемі мынадай формула бойынша қайта есептелген, астықтың кірісі мен шығысы бойынша ылғалдылық көрсеткіштерін салыстыру кезінде алынған айырмашылықтан а с п а у ы т и і с :

$$X = \frac{100 \times (a - b)}{100 - b}$$

100 - б

Бұл жерде X - салмақтағы кемуінің ізделіп отырған пайызы;

а - кіріс бойынша ылғалдылық көрсеткіші, %;

б - шығыс бойынша ылғалдылық көрсеткіші, %;

2) жарамды және жарамсыз қалдықтарды өңдеу актілері бойынша есептен шығарылғаннан тыс, арамшөп қоспаларының төмендеуінен астық салмағының кемуі

$$X = \frac{(b - g) \times (100 - d)}{100 - g}$$

формуласы бойынша қайта есептеумен астықтың кірісі мен шығыны бойынша арамшөп қоспаларының көрсеткіштерін салғастыру арқылы алынатын айырмашылықтарды арттыруға тиісті емес,

Бұл жерде X - салмақтағы кемуінің ізделіп отырған пайызы;

b - кіріс бойынша арамшөп қоспасы, %;

g - шығыс бойынша арамшөп қоспасы, %;

d - ылғалдықтың төмендеуінен кемудің мөлшері "1" тармақшада келтірілген формула бойынша % есептелінген.

Алайда осы формула бойынша кемуді есептен шығару тек 0,2% көп емес мөлшерде жасалуы мүмкін. 0,2% тыс кемуді есептен шығару тек астық сақтау кәсіпорын басшысының негізді қолдаухаты бойынша әрбір жекелеген жағдайда Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің аумақтық басқармалары басшыларының рұқсатымен және орнында астық инспекторы осы қолдаухаттың негізділігін алдын ала тексергеннен кейін ғана жасалуы мүмкін. Өңдеуге немесе сақтау процесінде механизмдердің орын ауыстыруға тартылмаған астық партиялары бойынша есептен шығаруға арамшөп қоспаларын төмендету есебінен рұқсат етілмейді;

3) сақтау кезінде астықтың табиғи кемуі (пайызда) мынадай нормалардан 20 қосымшаға сәйкес аспауы тиіс.

Табиғи кемудің көрсетілген нормалары бақылау және шекті ретінде тек қана жасанды кептірілген, астық қабылдау кәсіпорында сақталған астық партиясының нақты бар түгендеу немесе тексеру кезінде, оның сапасының өзгеруі болмай салмағының төмендеуі белгілі болған жағдайда қолданылады.

Астықты майлы дақылдар тұқымын 3 айға дейін сақтаған кезде табиғи кему нормалары сақталған күн нақты саны есебінен қолданылады, ал 6 айға және бір жылға дейін сақтаған кезде - сақталу айдың нақтылы саны есебінде.

Астықты бір жылдан артық сақтаған кезде әрбір келесі сақталған жылға табиғи кему нормалары 0,04 пайыз көлемінде сақталу айдың нақтылы саны есебінде қолданылады.

Аралас астық үшін кему нормалары қоспада бар негізгі дақылдар бойынша белгіленеді.

Электормагнитті машиналарда тазаланған шөп тұқымдары бойынша табиғи кему нормалары 15 пайызға жоғарылайды.

Барлық дақылдар үшін табиғи кему нормалары мына формула бойынша е с е п т е л і н е д і :

$$X = \frac{a \times b, \%}{\Gamma} \qquad X = \frac{b \times v, \%}{a + \Gamma}$$

85. Кейбір жағдайда, астық партиялары бойынша қоқымның ылғалдылығын жоғарлауы немесе санының ұлғайтуы белгіленсе, тазарту жөніндегі Комиссия сапаның өзгеру себептерін әбден тексереді, сапаның төмендеуіне және жарамды артығының жоқтығына материалды жауапты тұлғаның жазықтылығы туралы т ұ ж ы р ы м б е р е д і .

Артығы жоқ болған кезде немесе, егер ол астықтың сапасының төмендеуінің нәтижесінде болуға тиістіден кем болса, салмағындағы айырмашылықтарды есептеу, негіз бар деп санағанда шығарылады.

Сапаның төмендеуі ылғалдандыру немесе бөтен қоқымды немесе басқа дақылдардың дәндерін астыққа араластырып илеу есебінен салмақтың ұлғаюына алып келу керек еді, арам шөп қоспаларына мемлекеттік стандарт бойынша қатысты.

$$\text{Салмағындағы айырмашылықтарды есептеу } X = \frac{100 \times (b - a)}{100 - b} \text{ формуласы}$$

б о й ы н ш а ш ы ғ а р ы л а д ы .

Бұл жерде X - салмақты ұлғайтудың ізделіп отырған пайызы;
a - кіріс және қалдық бойынша ылғалдықтың немесе арамшөп қоспаларының кө р с е т к і ш і , % ;

b - шығыс және қалдық бойынша ылғалдықтың немесе арамшөп қоспаларының көрсеткіші, %.

Мысалы, кіріс 157183 килограмм, ылғалдығы 14,34%, шығыс 157183 килограмм, ылғалдығы 15,20%.

$$X = \frac{100 \times (15,20 - 14,34)}{100 - 15,20} = \frac{86}{84,89} = 1,01\%$$

е с е п қ ұ р а й т ы н ы :

$$\frac{157183 \times X}{100} = 1588 \text{ кг.}$$

Тазартылған немесе түгенделіп болғаннан кейінгі астық партияларында ылғалдықтың көтерілуі және арамшөп қоспалары белгілі болған жағдайда, астықты қабылдау немесе босату кезінде немесе қандай болса да себептермен сапасына дәл анықтамаудың нәтижесі деп түсіндіріледі, ол астықтың салмағын

ұлғайтуға алып келуі тиіс емес, астық инспекторы салмақтағы айырмашылықтарды есептеу үшін негіздің бар болуы немесе жоқ болуы туралы өз тұжырымын астық санды-сапалы есеп кітапшасында (6 және 7 қосымша) жазады, астық партияларын тазартудың нәтижелері туралы шешім қабылдау үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің аумақтық басқармасының бастығына хабарлайды.

Тазалау актісіне сәйкес астықты есептен шығару тек нақтылы салмақтан ғана жүргізіледі. Астықтың есепке алынған нақты салмағынан есептен шығару жүргізілмейді.

86. Бастапқы құжаттар бойынша сандық және сапалық көрсеткіштер мен сандық-сапалық есеп жүргізу кітабындағы есептеулердің дұрыстығын тексергеннен кейін, комиссия тазарту актісін үш данада жасайды және оларды астықтың иесіне жібереді. Астықтың иесі қажет кезінде тазарту актісін бекіту үшін ҚР АШМ аумақтық басқармасына өтінішпен барады. Тазарту актісін ҚР АШМ облыстық аумақтық басқармасына лауазымды тұлғамен бекітіледі.

87. Тазарту актілері сиямен немесе компьютерде тазартусыз, түзетусіз және оңдаусыз толтырылады. Тазарту актілеріне түзетулер қажет болған жағдайда жаңадан қайта жасалады.

Астықтың мөлшері тазарту актілерінде килограммен, 0,01% дейінгі дәлдікпен ылғалдылық пен арамшөп қоспаларының өлшенген орташа көрсеткіштері килограммен көрсетіледі. 0,04% дейінгі бөлшек үлестер қоса лақтырылады, ал 0,005 және көбірегі 0,01% орнына қабылданады.

Тазарту актілеріне ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап және 31 желтоқсанға дейін бір жылдың ішінде тіркеуге сәйкес реттік нөмірлер беріледі. Комиссияның оған қол қойған күні тазарту актісінің датасы болып табылады. Тазарту материалды жауапты тұлғаның қатысуынсыз жүргізілген жағдайда, комиссия бұл туралы тазарту актісінде себептерін түсіндіріп көрсетіледі.

Тазарту актілерінде сандық-сапалық есеп жүргізу кітабындағы жазбаларға сәйкес астық дақылдарының толық атауы, сондай-ақ материалды жауапты тұлғаның тегі мен аты жөні, қойманың нөмірі, атауы көрсетіледі. Тазалау актісінің 1 және 7 тармақшаларда (18 қосымша):

1) түгендеу немесе тексеру кезінде ведомстволармен ресімделген өлшемдер мен актілердің азғантай қалдықтарын қайта өлшеу арқылы қолда бар мөлшері;

2) қайта өлшеу кезінде таңдап алынған үлгілердің зертханалық талдаудың деректері бойынша ылғалдылық пен арамшөп қоспасының сапасы көрсетіледі.

2 және 4 тармақтарда қабылданған және босатылған астықтың салмағы, қабылдау және босатудың басталу және аяқталу мерзімі, сондай-ақ ылғалдылық пен арамшөп қоспалары бойынша сапаның өлшенген орташа көрсеткіштері сандық сапалық есеп жүргізу кітабының деректері бойынша көрсетіледі.

5 және 6 тармақтарда машиналарда тазарту және тетіктермен астықтың орнын ауыстыру кезінде алынған, I, II және III санаттағы жанама өнімдер мен қалдықтарды өңдеуге арналған актілерге сәйкес шығыс бойынша есептен шығарылған ылғалдылық пен арамшөп қоспалары бойынша жалпы мөлшері мен өлшенген орташа сапасы көрсетіледі.

10 тармақта ылғалдылық пен арамшөп қоспаларының көтерілуіне байланысты есептелген салмақтағы айырма көрсетіледі. Сапаның төмендеуінен туындайтын салмақтағы айырмашылықтарды есептеу үшін негіздігі бар болуы немесе жоқ болуы туралы тұжырымды тазарту жөніндегі комиссия 17 тармаққа немесе тазарту актісіне арнайы қосымшадан беруге міндетті.

12 тармақта өңдеу кезінде алынған жанама өнімдер мен қалдықтардың мөлшері, өңдеуге босатылған астықтың салмағы, өңдеу түрі, тексерілген партиялар бойынша өңдеуге арналған барлық актілердің нөмірлері мен даталары. Мұнда қабылдау, босату, тиеу және сақтау үдерісінде тетіктермен ауыстырылған астықтың дұрыс мөлшері көрсетіледі.

Егер жол саны өңдеуге арналған барлық актілерді есептеу үшін жеткіліксіз болса, тазарту актісіне өңдеу актілерінің тізбесі қоса беріледі, ал 12 тармақта "Өңдеуге арналған актілердің тізбесі қоса беріледі" деп көрсетіледі. Қоса берілген актілердің тізбесіне тазарту жөніндегі комиссияның барлық мүшелері мен материалды жауапты тұлға қол қояды.

13 тармақта осы Ереженің 78-тармағында 3-тармақшада қарастырылған тәртіппен есептелінген айлар мен күндер аралық орта сақтау мерзімі көрсетіледі.

14 тармақтың "а", "б" және "в" тармақшаларында ылғалдылықтың төмендеуінен және арамшөп қоспаларынан, кейін бекітілген норма бойынша есептелген мөлшерде, сақтау кезінде табиғи кемуден астықтың салмағындағы к е м у к ө р с е т і л е д і .

14 тармақтың "г" тармақшасында салмақта кему сыпырынды есебінен көрсетіледі. Есептен шығаруға тиісті жетіспеушілік мөлшері осы Ереженің 82-тармағында белгіленген тәртіппен анықталады.

Егер 14-тармақта есептелген кему 11-тармақта көрсетілген жетіспеушіліктен жоғары болса, онда 14-тармақта нақты кему көрсетіледі. Бұл ретте жетіспеушілік алдымен сақтау кезіндегі табиғи кему нормалары, ал кейін ылғалдылық және арамшөп қоспалары бойынша сапаның жақсаруы есебінен есептен шығарылады.

15-тармақта сақтау кезінде табиғи кему нормасының сапасының жақсаруымен ақталмайтын жетіспеушіліктің сол бөлігінің немесе 11-тармақта көрсетілген нақты артығы көрсетіледі.

Комиссия сақтау кезінде табиғи кему нормаларымен, сапасының

жақсаруымен ақталмаған, артылған немесе жетіспеушілік себептерін мұқият тексергеннен кейін баяндайды.

Тазарту актісіне тазалау жөніндегі комиссияның құрамына кіретін барлық лауазымды тұлғалар мен материалды-жауапты тұлғалар қол қояды.

I, II және III санаттардың қалдығы бойынша тек сандық есепке алу жүргізіледі. Оларды сақтаудың нәтижелері түгендеу актілерімен ресімделінеді, материалдық құндылықтар үшін белгіленген тәртіппен қаралады және бекітіледі.

Егер тазарту кезінде астықтың немесе өнімдердің артылғаны білінсе, осы артылғанын тазалау актісін қарауды күтпей-ақ кәсіпорынның бухгалтериясы дереу кіріске алу керек.

88. Жүгері өңдейтін зауыттарда өндіріс бастығы қабылдаған әрбір жеке есепке алынған жүгері партияларын өңдеу аяқталғаннан кейін міндетті тәртіппен осы жүгері партияларының сақталатын жеріне және зауыттың өндірістік корпусына толық тазарту жүргізіледі.

Тазарту құрамында өндіріс бастығының қатысуымен астық қабылдау кәсіпорынның басшысы немесе оның орынбасары, бас инженері, лаборатория меңгерушісі және бас бухгалтері бар комиссия жүргізеді.

Тазарту жөніндегі комиссия астықтың қозғалысы туралы бастапқы құжаттар мен қоймалық есептер бойынша сан мен сапа жөнінде тексерілген сандық-сапалық есепке алу кітабы бойынша операциялардың нәтижелерін, сондай-ақ ылғалдылық бойынша есептің дұрыстығын және өлшенген орташа көрсеткіштерді белгілейді.

Жүгері өңдейтін зауыттарда өндіріске босатылған собықтағы жүгерінің салмағы өндіріс бастығының жауапкершілігіндегі сақтау орындарын тазалау, кептіргіш камераларға салынған жүгеріні өлшеу бойынша есептеледі және нәтижелерді анықтау кіріс бойынша - олардың өлшенген орташа ылғалдығы және қалдықтар мен өзектерді, дән күйінде тұрған жүгеріні өңдеуден алынған мөлшерімен салыстыру арқылы шығарылады.

Бұл жағдайда тазарту актілері (19 қосымша) есептелетін жүгері партияларының әрбіріне жеке жасалады.

Жүгері өңдейтін зауыттар мен цехтарда технологиялық сұлба бойынша жүгері өңдеуден алынған қалдықтарды, әрбір сорт пен буданды ұсақтау мүмкін болып көрінбейді, оларды сорттары мен будандары бойынша бөлу осы немесе басқа сортты және буданды собықтағы жүгеріні бастыруға жіберілген салмағына үйлесімді жүргізіледі.

Тазарту актілерін (19 қосымша) жасағанда:

1) Кіріс бойынша - собықтағы жүгерінің сандық-сапалық есеп кітабының мәліметтері (7 қосымша);

2) Шығыс бойынша - жүгерінің тұқымдары мен өндірістен алынған жарамсыз жүгері, ұсақ дәнді жүгері, өзектер мен қалдықтардың сандық-сапалық есеп кітабының (7 қосымша) мәліметтері пайдаланылады. Бұл ретте жарамсыз жүгерінің кәсіпорынға қайтарылған мөлшерін ескеру қажет, ал тазарту актісі 5 ж о л б о й ы н ш а к ө р с е т і л е д і .

Өңдеу үдерісінде жүгерінің механикалық шығындары өндіріске берілген жүгерінің салмағының 0,2% шегінде тазарту актісі бойынша есептен шығаруға қ а б ы л д а н у ы м ү м к і н .

Сапасын жақсарту және белгіленген нормалардың шегінде кемуден тыс жүгерінің артылғаны және жетіспеушілік болса, өндірістің бастығы өзінің түсінігін береді, ал тазарту жөніндегі комиссия олардың пайда болуы себептерін мұқият тексеруге және тиісті түсінікті тазарту актісіне жазуға міндетті.

Ылғалдығы мен залалды қоспаның төмендеу есебінде ақталатын астық жетіспеушілігі, және де сақталу кезінде кему нормасы 20 қосымшаға сәйкес е с е п т е л і н е д і .

89. Ұйымдарда астықтың бұзылғаны білінген жағдайда әрбір бүлінген дерек мұқият тексеріледі және кінәлілер жауапкершілікке тартылады. Бұзылған астықтың мөлшері, астық инспекторының тұжырымы бойынша онда ақаулықтың төртінші дәрежесі болады және техникалық мақсаттарға пайдаланылуы мүмкін емес, есепте және есептілікте ақталмаған жетіспеушілік ретінде байқалады.

